Қазақстан Республикасы Қаржы министірігі
Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне
Конкурстың комиссия
төрағасына

Қызылорда облыстық "Мемлекеттік сатып алу басқармасы" 07.01.2020 жылы жариялаған № 3823929-1 электрондық конкурсының № 3571535 нөмірлі қорытынды хаттамасын қайта қарауын сұраймыз. **Себебі:**

1. № 3823929-1 конкурсының қорытынды хаттамасында жеңімпаз деп танылған ЖШС "Шериф-Н" тарапынан аталған конкурстың ажырамсас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшеліктің талаптарын толықтай орындамаған. Атап айтсақ әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті еңбек ресурсына ие болу бөлігінде біліктілік талаптарына толықтай сәйкес келмейді, себебі конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес Күзет ұйымында күзетшілерді даярлау және біліктілігін арттыру бойынша өрт қауіпсіздігі курстарынан өткендігі туралы растаушы құжаттарының дұрыс болмауы. Дәлірек айтсақ әлеуетті өнім беруші мамандарының даярлау және біліктілігін арттыру бойынша өрт қауіпсіздігі курстарынан өткендігі туралы куәліктерін ЖШС "Агентство охранных систем " күзет агентігінің куәліктері ұсынылған. "Агентство охранных систем " Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мамандандырылған даярлау және біліктілігін арттыру бойынша өрт қауіпсіздігі курстарын оқыту орталықтарының Реестрінде тіркелмеген, яғни арнайы өрт сөндіру қауіпсіздігін қамтамасыз етуді оқыту куәліктерін бере алмайды, себебі **Қазастан республикасының № 85 19 қазанда шыққан "Күзет қызметі туралы" заңының 10 бабы 1 тармағында** "***Өзінің кәсіпкерлік қызметі ретінде күзет қызметтерін көрсететін коммерциялық ұйым жеке күзет ұйымы болып табылады. Жеке күзет ұйымының, хабарлама жасау тәртібінің шарттарын сақтаған жағдайда, күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды қоспағанда, өзге кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқығы жоқ."*** делінген Осы орайда әлеуетті өнім беруші №6-қосымшада күзетші ретінде ұсынған 1 , 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21,22,23,24,25 - реттегі мамандарға мамандандырылған оқу орталықтарында күзетшілердің арнайы өрт қауіпсіздігі дайындығы бойынша курстарынан өткені туралы растайтын куәліктер беруге құқы жоқ құжаттарының электрондық көшірмелерін дұрыс ұсынбауын негізге ала отырып № 3824054-1 электрондық конкурсының қорытынды хаттамасын қайта қарауыңызды сұраймыз.

2. Аталған конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшеліктің Әлеуетті өнім берушіге қойылатын талаптарына сәйкес күзетшілердің қызметтік(күзетшілік) куәліктері, Әлеуетті өнім берушіге еңбек ресурстарына қойылатын талаптарына сәйкес жеделден қою тобы сұратылған және №6 қосымшада растаушы құжаттардың электрондық көшірмесін ұсыну көрсетілген. Конкурс жеңімпазы деп танылған жауапкершілігі шектеулі "Шериф -Н" серіктестігі тарапынан № 6 қосымшада жеделден қою тобы күзетшісі ретінде ұсынған 4, 23 реттік санда көрсетілген

Нажмадинов А және Орынбаев Н мамандарының қызметтік куәліктері мен күзетші куәліктерінің берілу уақыттарының сәйкестендірілмегені байқалады сонымен қоса 6 қосымшасында растау үшін тіркелген қосымша файлдар тіркемесінде "Приказ гбр (1)" деп көрсетілген файлдағы 2019 жыл 1 наурыздағы Бұйрық ұсынылған. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 23 ақпандағы№ 143 бұйрығымен бекітілген **Жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарында** 1 тарау 2 бөлігінің 2 тармағында заңды және жеке тұлғалардың мүлкін, оның ішінде оны тасымалдау кезінде күзету жөніндегі қызметтер көрсететін күзетшілерді даярлау бойынша – 99 сағат және 1 тарау 2 бөлігінің 5 тармағында заңды және жеке тұлғалардың мүлкін, оның ішінде оны тасымалдау кезінде күзету жөніндегі қызметтер көрсететін күзетшілердің біліктілігін арттыру бойынша – 32 сағат оқыту курсынан өтіп "**Заңды және жеке тұлғалардың мүлкін, оның ішінде оны тасымалдау кезінде күзету жөніндегі қызметтер көрсететін күзетшісі"** мамандығы беріледі. Жоғарыда көрсетілген әлеуетті өнім беруші көрсеткен күзетші А Нажмадиновтың 0996 нөмірлі 01.10.2019 жыл 15.10.2019 жыл аралығында "Динамо" дене шынықтыру-спорт қоғамы" қоғамдық бірлестігіне 99 сағат оқу курсын оқып алғаш алынған күзетші куәлігін растайды. Қызметтік куәлігі 25.09.2019 жылы берілген. Жеделден қою тобы күзетшісі Бұйрығы 01.03.2019 шығарылған. Жеделден қою тобы күзетшісі Н.Орынбаевта алғашқы күзетші куәлігін 01.08.2019 жыл 18.08.2019 жылдар аралығында 99 сағат оқу курсынан өтіп алғаны ұсынылған. Жеделден қою тобы күзетшісі Бұйрығы 01.03.2019 шығарылған. **Қазастан республикасының № 85 19 қазанда шыққан "Күзет қызметі туралы" заңының 10 бап 4 тармағында "Жеке күзет ұйымының күзетшісі қызметіне Қазақстан Республикасының 19 жасқа толған және күзетшінің арнайы даярлығынан (күзетшіні оқытудың арнаулы курсынан) өткен азаматтары қабылдана алады."** №6 Қосымшаның растау үшін тіркелген қосымша файлдар тіркемесінде "Приказ гбр (1)" деп көрсетілген файлдағы 2019 жыл 1 наурыздағы №43 Бұйрығында күзетшінің арнайы даярлығынан (күзетшіні оқытудың арнайы курсынан) өтпеген А. Нажмадинов пен Н. Орынбаевтарды қызметкерлерді көрсетіп отыр. ЖШС "Шериф-Н" **ҚР әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 470 бабы 1 тармағы 3 тармақшасы бойынша** заң бұзушылықтар байқалады.

Конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте ***Күзет қызметін көрсететін ұйым өз қызметінде келесі нормативтік - құқықтық актілерді сақтауға және басшылыққа алуы тиіс делінген.***

1. "Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 19.10.2000 № 85 Заңы

2. "Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының заңының іске асыру жөніндегі шаралар туралы ҚР үкіметінің 05.04.2020 жылғы № 407 қаулысы

3. Террористік тұрғыдан осал обьектілердің терроризмге қарсы қорғалу жүйесіне қойылатынталаптарды бекіту туралы ҚР Үкіметінің 03.04.2015 №191 қаулысы.

4. ҚР Ішкі істер министірлігінің "Күзетқызметін жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" 30.12.2014 жылғы № 959 бұйрығы.

Жауапкершілігі шектеулі "Шериф-Н" серіктестігі жоғарыда көрсетілген нормативтік - құқықтық актілердің 1 және 4 бөліміндеріне қарама-қайшылық тудырып конкурсқа расталмаған құжаттамалардың дұрыс ұсынылмағаны және анық емес ақпараттар ұсынылғанын негізге ала отырып № 3824054-1 электрондық конкурсының қорытынды

хаттамасын қайта қарауыңызды және Қазақстан республикасның "Мемлекеттік сатып алу туралы " заңының 11 бабы бойынша қарауыңызды сұраймыз.

ЖШС "ҚОРҒАУ-А"
директоры: **Б.Бөлеген**